



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 19 наурыз

2018 жылғы 9 наурыздан 16 наурыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

16 наурыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір аптаның ішінде 0,8%-ға (320,19-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 322,72 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 9 наурыздан 16 наурыз аралығындағы маңызды оқиғалар Ангела Меркельді Германия үкіметінің басшысы лауазымына қайта сайлау, АҚШ-тағы инфляция мен бөлшек сауда бойынша деректерді жариялау, АҚШ-тың темір рудасы мен алюминийдің импортына экономикалық баждар енгізу аясында сауда-саттық соғысының ықтималдығына, сондай-ақ АҚШ-қа Қытай өнімдерінің импортына жаңа баждар туралы ұсыныстар топтамасын қарау аясында қобалжудың артуы болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ долларының біраз құбылмалылығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- Түрік лирасы Moody's рейтингтік агенттігінің елдің тәуелсіз кредиттік рейтингін Ba1–ден Ba2-ге дейін төмендетуінен кейін және ағымдағы шот тапшылығының болжам 6,9 млрд. АҚШ доллары болғанда қаңтарда 7,1 млрд. долларға дейін өсуінен кейін 2,9%-ға (3,81-ден 3,92-ге дейін) әлсіреді;
- Ресей рублі Ұлыбритания Премьер-Министрі Тереза Мэйдің Лондоннан Ресей дипломаттарын шығару туралы мәлімдеуінің аясында, АҚШ-та президент Д. Трамптың кампаниясы мен Ресей арасындағы ықтимал келісу туралы баяндаманың жария етілуі, сондай-ақ Ресейдің сайлауға араласуымен байланысты АҚШ-тың Қаржы министрлігінің санкцияларының кеңеюі аясында 1,5%-ға (56,67-ден 57,52-ге дейін) әлсіреді.
- Оңтүстік Африка рэнді елдің бас прокуратурасының экс-президент Джейкоб Зумды жемқорлық бойынша айыптау аясында 1,4%-ға (11,81-ден 11,98-ге дейін) әлсіреді;
- Бразилия реалы 0,6%-ға (3,26-ден 3,28-ге дейін) әлсіреді.
- Мексика песосы 0,4%-ға (18,62-ден 18,69-ға) әлсіреді;
- Индонезия рупиясы 0,3%-ға (13 797-ден 13 751 -ге дейін) нығайды.
- Үндістан рупиясы 0,4%-ға (65,17-ден 64,94-ке дейін) нығайды.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz